

**«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Бактиярова Райгуль Муратовнаның
«Қазіргі медиадискурстағы «Іскер әйел» концептісі» атты
диссертациясына**

ІШКІР

Ғаламның тілдік және концептуалдық бейнесін тану ХХІ ғасырдағы жаһандану кезеңінде жанданып, соңғы жылдары өзінің зерттеу аясын кеңейте түсті. Себебі әлемде «тілдік ғаламдану» үдерісі жүріп жатқан тұста тіл арқылы әлемтану, адамтану мәселесінің де күшеюі белең алатыны рас. Демек, концептуалдық зерттеулерді қолға алудың, оның теориялық, практикалық тұрғыдан жүзеге асырылуының маңыздылығы ұлттың сақталуы мен өсуінің кепілі болмақ.

Осыған орай, ұсынылып отырған жұмыста халықтың мәдени құндылығын тіл арқылы танытуға негіз болатын басты факторлар қарастырылған. Оның ішінде, іскер әйел ұғымы, «іскер әйел» концептісінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері, ұлттық тілдік санада аталмыш концептіні айқындайтын стереотиптер, қазіргі медиамәтіндерде іскер әйел бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдар мен концептосферасын құрайтын негізгі факторлары ұсынылып, алғаш рет кешенді түрде зерттелінген.

Зерттеу жұмысы «іскер әйел» концептісін қарастыруға арналғандықтан, тіл мен адам танымын сабақтастыра зерттейтін бағыт - лингвокогнитивтік талдаулар жүргізілді. Бактиярова Райгүл медиадискурс аясында анықталатын аталмыш концептіні жан-жақты қарастыра отырып, оны таңдап алуының алғышарттарын, себептерін дәйекті деректермен түсіндірді. Медиадискурстағы «іскер әйел», «табысты әйел» концептілерін ажыратушы негізгі белгілері, когнитивті-семантика предикациясының бірнеше деңгейлері дәлелденген.

Диссертанттың ғылыми жаңалығына келетін болсақ, біріншіден, медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің фреймдік құрылымы бірнеше слоттар түрінде қарастырылады:

1. кәсіп, мамандық;
2. психологиялық сипаттамалар;
3. жеке өмір;
4. әлеуметтік ортасы мен материалдық жағдайының деңгейі.

Екіншіден, алғаш рет «іскер әйел» концептісі медиадискурс аясында лингвистикалық аспектіде зерттеле отырып, «табысты әйел» концептісімен арақатынасы дәлелденді.

Үшіншіден, қазіргі медиамәтіндерде іскер әйел бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдар лингвомәдениеттаным, когнитивті лингвистика саласы аясында жан-жақты зерттелді.

Төртіншіден, медиамәтін, медиадискурс, дискурс ұғымдарының негізгі түрлері мен жіктелімін талдау негізінде «іскер әйел» концептосферасын

танудың үлгілері берілді. Сөйтіп, медиадискурстағы «іскер әйел» концептісін репрезентациялайтын негізгі тілдік амал-тәсілдер сараланды.

Бесіншіден, зерттеу жұмысында диссертант қазақ және француз материалдары негізінде екі ұлт танымындағы ғаламдық тілдік бейнесін медиадискурс арқылы танытуды көздеген.

Алтыншыдан, қазақ, орыс, француз этностарының өкілдерінен сауалнама алу нәтижесінде Қазақстан медиадискурсындағы «іскер әйел» концептісінің концептуалдануының статистикалық көрсеткіштері анықталды.

Жетіншіден, іскер әйел ұғымы отандық тіл білімінде алғаш рет зерттеу нысанына алынып, медиадискурс аспектісінде жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу жұмысында теориялық тұжырымды мысалдармен дәйектеп дәлелдеу жүйесі, екі ұлт мәдениеті мен екі тілді салғастыру тәсілдері де орынды қолданылған. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны өзара толық сәйкес келеді.

Қорыта айтқанда, ізденуші Бактиярова Райгуль Муратовнаның «Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісі» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ой-тұжырымдар маңызды саналады әрі отандық дискурс теориясы, лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, медиалингвистикалық зерттеулердің дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосады. Зерттеуді ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, ішкі логикалық тұтастыққа ие, толық аяқталған жұмыс деуге болады.

Диссертациялық жұмыс жоғары теориялық деңгейде аяқталған, жаңа зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған, ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білген зерттеу болып табылады. «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптар мен ережелерге толық жауап береді. Бактиярова Райгуль Муратовна PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші:

**Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,
филология ғылымдарының
докторы**



Қол қойған: **Есенова Қ.Ө.** ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСКАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абая
КОЛЫ
ПОДПИСЬ